

20 ____ жылғы « ____ » _____

№ _____

«Қазақстан қор биржасы» АҚ

Astana International Exchange

Ақпаратты ашу туралы

Осымен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ Бағалы қағаздарды қабылдау бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларына 1-қосымшаның 3-кестесінің 16-тармағына және «Астана» халықаралық биржасының «Бизнес ережелері» нарығы туралы ақпаратты ашу ережесінің 1-кестесінің 4.3-тармағына сәйкес 2025 жылғы 27 маусымда халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings ҚМГ-ның несиелік рейтингін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін арттырғанын хабарлайды. Бұл шешім компанияның дербес несие қабілеттілігі мен тұрақты ақша ағынының жақсаруы нәтижесінде қабылданып, болжам «тұрақты» деп белгіленді.

ҚМГ-ның дербес несие қабілеттілігі «bb» деңгейінен «bb+» деңгейіне дейін көтерілді. Бұл қарыз көлемінің едәуір қысқаруы, дивидендтерді бөлуге теңгерімді көзқарас және инвестициялардың қайтарымдылығы арқасында компанияның бизнес-моделінің орнықтылығын растайды. «Тұрақты» болжам – компанияның алдағы күрделі шығындарды тиімді басқаруына, бекітілген қаржылық саясатқа сәйкес әрекет етуіне және мұнай бағасының құбылуы мен басқа да сыртқы күйзелістерге төтеп бере алуына деген сенімді көрсетеді.

Нәтижесінде, ҚМГ-ның несиелік рейтингі Қазақстан Республикасының егемендік рейтингінің деңгейіне дейін көтерілді.

S&P Global Ratings рейтингтік агенттігінің пресс-релизінің толық мәтінімен мына сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://www.spglobal.com/ratings/en/regulatory/article/-/view/type/HTML/id/3397626>

**Қаржы департаментінің
директоры**

М. Диканбаев

Орын. Нұрыш Н.М.
Тел.: 78-63-41, n.nurysh@kmg.kz